

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 мамырдағы N 755 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 тамыздағы N 1012. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 570 қаулысымен. ~P000570

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия туралы, Тауар биржаларын лицензиялау туралы Ережелерді және Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 мамырдағы N 755 P950755_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 19, 216-бап) мынадай толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылдың үшінші тоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының тауар биржалары қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша тоқсан сайын есеп берілуін енгізісін";

4-тармақ 5-тармақ болып есептелсін;

аталған қаулымен бекітілген Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның құрамына:

Кетебаев М.К. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары, төраға;

Омарова Г.А. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі өнеркәсіп және сауда саясаты бас басқармасы бастығының орынбасары;

Табаева Ш.Б. - Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Монополиясыздандыру және даму басқармасының бастығы енгізілсін;

Қ.М.Смағұлов, Н.В.Радостовец комиссия құрамынан шығарылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК